

**ВОПРОС:** Ассалам алейкум ага!

Еще один вопрос. Имамы говорят, что перед кушанием и после кушания надо обязательно есть щепотку соли, что это суннат и всем предлагают так поступать. Я первый раз слышу об этом. Знаю, что уйгуры чай пьют с солью. Это точно суннат?

----

<http://muslim.kz/kk/question/886-tamaqty-tuzben-bastap-tuzben-ayaqtau-sunnet-pe.html>

**Тамақты түзбен бастап, түзбен аяқтау сүннет пе?**

Сұрақ: Кейбіреулер тамақтан бұрын және тамақтан кейін бір шөкім түз жейді. Шаригатта бұл негіз бар ма? Бұл Пайгамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) мен оның сахабаларынан (Алла оларға разы болсын) қалған сүннет пе?

**Жауап:**

Бұл дүниеде адамдардың бәріне Мейірімді және ақыретте тек мұсылмандарға ғана Рақымды Алланың атымен бастаймын.

Ханафи мазхабының сенімді кітаптарында тамақ ішуді түзбен бастап, түзбен аяқтаған абзал екендігі және оның медицина тұрғысынан қарағанда пайдасы зор екендігі жазылған. Ұлы ханафилік факих имам Ибн Абидин (рахимахуллах) былай дейді: «Тамақты түзбен бастап, түзбен аяқтау сүннет болып табылады. Бұл сүннетте жетпіс түрлі дерттің шипасы бар».

«Әл-Мухит әл-Бурхани» (5/204), «Әл-Бахр әр-Раик» (8/209) және «Әл-Фатава әл-Хиндийя» (5/337) кітаптарында да солай айтылған. Имам әл-Газали «Ихья 'Улюм әд-Дин» деген ұлы кітабында да солай жазған.

Хаким әл-умма мауляна Ашраф Әли Санави (рахимахуллах) өзінің «Имдад әл-Фатава» атты пәтуалар жинағында Алла Елшісінің (оган Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл әрекетке негіз болатындай нақты хадисі болмаса да, сондай-ақ Пайғамбардың (оган Алланың игілігі мен сәлемі болсын) : «Әй, Әли! Тамақты түзбен бастап, түзбен аяқта. Ойткені, түз – жетпіс түрлі дертке ем. Олардың арасында ақыл-естің ауысуы, алапес және тіс ауруы бар», - деп айтқанын келтіреді. Коптеген мухаддис ғалымдар бұл хадисті ойдан шығарылған деп тапса да (мауду'), тамақты бір шөкім түзбен бастап, аяқтауды төмендегі екі себепке байланысты толықтай негізсіз деп санай алмаймыз.

Біріншіден, имам әл-Байхаки «Шу'аб әл-иман» деген кітабында хазіреті Әлидің (Алла оған разы болсын) былай дегенін жеткізеді: «Кімде-кім тамақ ішуді түздан бастаса, Алла Тағала оны жетпіс түрлі дерттен тазартады». Имам әл-Газали (рахимахуллах) да «Ихья Улюм ад-Дин» атты кітабында хазіреті Әлидің (Алла оған разы болсын) солай дегенін жеткізеді. «Ихьяга» түсініктеме беруші алляма Муртаза аз-Забиди имам әл-Байхакидің «Шу'аб әл-иман» кітабына сілтеме беріп, бұл хадисті ойдан шығарылған деп танымаған. Осылайша, мавкуф хадис (Алла Елшісінің сахабасы айтқан хадис, онда Пайғамбардың (оган Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сөзі болуы міндетті емес), бұл әрекеттің қандай да бір негізі бар екенін көрсетеді.

Екіншіден, Ибн Маджа, имам әт-Табарани және т.б. жеткізген сенімді хадис бар. Онда хазіреті Әнас ибн Мәлік Алла Елшісінің (оган Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін келтіреді: «Дәмдеуіштердің ең жақсысы — түз». Хадисте түздің жақсы қасиетін сипаттау үшін «сайид» (мырза, басшы) сөзі қолданылған. «Басты» деген сөз түзді тамақтың басында және аяғында жеу керектігін білдіреді. Мәуляна ас-Санауи тамақты түзбен бастап, аяқтау ғұрпы осыдан шыққан болуы ықтимал деп, ары қарай жалғастырып жазған. Дегенмен, ол бұл ғұрыпты үзілді-кесілді діни үкім деп қабылдамай, мақтауға лайықты әрекет ретінде таныған жөн деп жазады.

Қорытындылар болсақ, тамақты түзбен бастап, аяқтауды қатан белгіленген Сүннет деп санаудың қажеті жоқ. Сол себепті, оған аса үлкен көңіл болу де керек емес. Әйткенмен, бұл ғұрыптың Шаригатта негізі жоқ деп санау да дұрыс болмайды. Тамақтың басында және аяғында түз жеу керек деп айтқанынан қайтпай тұрып алу да дұрыс емес, солай істейтін адамдарды сынап-мінеу де жөнсіздік. Дастарханда түз бар болса, классикалық факих-ханафиттердің мұны мақтауға тұрарлық әрекет деп санайтынына

сүйене отырып, тамакты түзбен бастап, аяқтауга болады. Десе де, дастарханда түз жок болса, түз сүрап жүрудін кәжеті жок. Бұл – орта жол. Ең абзалы орта жолды ұстану болып табылады.

Алла жаксы Білуші!

azan.kz

**ОТВЕТ:** уа алейкум ас салям брат мой!

Так может утверждать только наши безграмотные имамы, которые ничего не смыслят в религиозных вопросах. С каких пор шизофрению, витилиго, альбинизм, болезни зубов, тем более 70 болезней лечат с помощью соли?!!

Наоборот, все стараются уменьшить содержание соли в своем рационе, чтобы не заболеть

.  
Нет такого хадиса, это лживый хадис.

Аллах лучше всех знает.